

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті**

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Т



Құрметті әріптестер!

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Батыс Қазақстан облысының әкімдігімен және «Батыс Қазақстан облысының «Бәйге» федерациясы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп **2026 жылғы 17 қазанда** қазақ жылқыларының қазіргі жағдайына арналған және Көшім тұқымының 50 жылдығына орайластырылған «**Тайбурыл**» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізеді.

Конференция Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржыландыру шеңберінде BR22887106 «Жылқылардың генетикалық ресурстарын басқаруды оңтайландыру үшін молекулалық-генетикалық әдістерді қолдану және өнімді жылқы шаруашылығына арналған инновациялық технологияларды әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында өткізіледі.

Конференцияға барлық мүдделі тұлғалар – ғалымдар, жылқы иелері, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер қатысуға шақырылады.

Конференцияда келесі секциялар жұмысы жоспарлануда:

– Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру, селекция және генетикасы;

– Ветеринариялық медицина және мал шаруашылығындағы биологиялық қауіпсіздік.

Конференцияның жұмыс тілдері: *қазақ, орыс, ағылшын.*

Конференцияға қатысу форматы: *online, offline*

2026 жылғы 15 қыркүйек пен 10 қазан аралығында мақаланы және қатысуға өтінімді келесі электрондық пошта мекенжайына жолдау қажет: salimova.dinara98@gmail.com

Жауапты орындаушы: Салимова Динара, тел.: + 7 702 790 65 18.

Мақалалар мәтінінің түпнұсқалығы кемінде 70% болуы тиіс (тексеру «Антиплагиат» жүйесі арқылы жүзеге асырылады).

Ескертпе: Грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қателері көп, автоматты аударма құралдарының көмегімен сапасыз аударылған, сондай-ақ белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды.

Жарияланымға журналдың ғылыми бағыттары бойынша бұрын еш жерде жарияланбаған мақалалар қабылданады.

Журналға мақалалар дайындау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алуды ұсынамыз:

Мақаладағы библиографиялық тізім ГОСТ 7.1–2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама» стандартына сәйкес рәсімделуі тиіс. Аталған стандартты Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық кеңес (2003 жылғы 2 шілдедегі № 12 хаттамамен) қабылдаған.

Мақаланы жариялау үшін әрбір автор төмендегі материалдарды жеке файлдар түрінде ұсынуы тиіс:

1. Мақала материалдары – автордың (авторлардың) тегі, аты-жөні, мақаланың атауы, аннотациясы және түйін сөздері қамтылған, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерден, әдебиеттер тізімінен (мақаланың жариялану тілінде, ағылшын тілінде және транслитерацияланған нұсқада), сондай-ақ атаулары көрсетілген суреттер мен кестелерден тұратын Word форматындағы бір файл.

2. Авторлар туралы мәліметтер, оның ішінде:

- аты, әкесінің аты және тегі;
- ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі;
- лауазымы немесе мамандығы;
- мамандық, шифры;
- жұмыс орны (мекеме немесе ұйымның атауы, елді мекен, мекенжайы);
- ел атауы (шетелдік авторлар үшін);
- электрондық пошта мекенжайы (e-mail);
- телефон нөмірі.

Жариялауға ұсынылатын материалдар келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

Мақала көлемі 5-8 бет, Times New Roman қарпі – 11, парақтың барлық жақтарындағы жиектер – 2,5 см, абзац шегінісі – 1,0, жоларалық интервал – 1.

Материалдарды жариялау элементтерінің реттілігі келесідей:

1. ЭОЖ және MFTAP индекстері ғылыми кітапханаларда немесе Интернет желісінде еркін қолжетімді индекстеу жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес көрсетілуі тиіс: <https://grnti.ru>;

2. Авторлар туралы мәліметтер. Авторлардың тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, зерттеу жүргізілген мекеменің толық атауы, қаласы және елі көрсетіледі. Барлық авторлардың, оның ішінде негізгі (байланыс) автордың электрондық пошта мекенжайлары беріледі;

Жарияланатын материалдың атауы **бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен, 11 pt өлшемінде, Times New Roman гарнитурасында, ортасына** жазылады. Материалдың атауы ағылшын тілінде де көрсетілуі тиіс;

Әрбір автордың **16 таңбалы ORCID ID** нөмірі көрсетілуі тиіс!

3. Аннотация көлемі – 150-300 сөз (жарияланатын материал мәтінінің тілінде және ағылшын тілінде, сондай-ақ «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» бөлімінен кейін орыс немесе қазақ тілдерінде беріледі);

4. Түйін сөздер *курсивпен* жазылады. Түйін сөздер саны – **5-10**;

5. Мақала мәтіні. Ғылыми мақаланың мәтіні негізгі ережелерді, кіріспені, материалдар мен әдістерді, нәтижелерді, талқылауды, қорытындыны, қаржыландыру туралы ақпаратты (болған жағдайда), пайдаланылған әдебиеттер тізімін (кемінде 12 атау) қамтиды. Әрбір түпнұсқа мақалада (әлеуметтік-гуманитарлық бағытты қоспағанда) зерттеу нәтижелерінің жаңғыртылуы қамтамасыз етіледі, жабдықтар мен материалдардың шығу тегі, деректерді статистикалық өңдеу әдістері және жаңғыртуды қамтамасыз етудің басқа да тәсілдері көрсетіле отырып, зерттеу әдістемесі сипатталады.

Алғыс. Бұл бөлімде зерттеуді қаржыландырған гранттар немесе қаржылық қолдаудың басқа да түрлері, қажет болған жағдайда олардың көздері көрсетіледі. Сонымен қатар зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге көмектескен мамандарға немесе мекемелерге алғыс білдіруге болады. Қолжазбаны қарауға және қабылдауға қатысқан рецензенттерге, редакторларға немесе журнал редакциялық алқасының мүшелеріне алғыс білдіруге болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер. Әдебиеттер тізімі мақала мәтінінде алғаш рет аталу ретімен беріледі және квадрат жақшадағы нөмірлермен рәсімделеді: [1]. Мәтіндегі алғашқы сілтеме [1], келесісі [2] және т.б. ретімен нөмірленуі тиіс. Кітаптағы белгілі бір нәтижеге сілтеме жасаған кезде әдебиеттер тізіміндегі дереккөздің нөмірі және үтір арқылы тиісті бет нөмірі көрсетіледі: [7, 157-бет]. Бірнеше дереккөзге қатар сілтеме жасалған жағдайда, олардың нөмірлері нүктелі үтір арқылы бөлінеді: [7, 157-бет; 8].

Пайдаланылған әдебиеттер өзекті болуы керек, яғни соңғы 5–7 жылда жарияланған дереккөздердің үлесі кемінде 70% болуы қажет (іргелі еңбектер мен материалдарды қоспағанда).

Web of Science және/немесе Scopus деректер базаларында индекстелетін шетелдік әдебиеттер соңғы 10 жылдағы әдебиеттер тізімінің жалпы санының кемінде 30%-ын құрауы тиіс.

Әдебиеттер тізіміндегі барлық дереккөздерге мақала мәтінінде сілтеме жасалуы керек және керісінше, мәтінде аталған барлық дереккөздер әдебиеттер тізімінде көрсетілуі тиіс. «References» бөлімі үшін орыс тіліндегі мәтінді латын әліпбиіне транслитерациялауды мына сайттардың көмегімен тегін жүзеге асыруға болады: <http://www.translit.ru/> немесе <http://translit-online.ru>.

Аталған аударма құралдары қазақ әліпбиіне тән ерекше әріптердің транслитерациясын толық қамтамасыз етпейді. Сондықтан қазақ тіліндегі мәтінді транслитерациялағаннан кейін төмендегі сәйкестіктерге сәйкес қолмен түзетулер енгізу қажет:

әғһөүұқі

ағһоуукЯ

Графикалық материалдар мақала мәтініне енгізіліп, графикалық редакторда әзірленуі тиіс. Суреттердің астындағы түсіндірмелерде барлық шартты белгілер мен көрсеткіштер толық берілуі қажет. Кестелер ретімен нөмірленіп, әрқайсысының тақырыбы болуы тиіс. Кестелер саны – 5-тен аспауы, суреттер саны – 5-тен аспауы керек.

Конференцияны ұйымдастыру мәселелері бойынша **Салимова Динараға** Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми қызметкеріне хабарласуға болады.

Тел.: +7 702 790 65 18

E-mail: salimova.dinara98@gmail.com